

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 19 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 02 маусымда № 4944 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 02 тамыздағы № 49 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі әкімінің 02.08.2016 № 49 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министірлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитеті Мұғалжар аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 12 сәуір № 11-26/62 ұсынысы негізінде, Ақкемер ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақкемер ауылдық округінің "Жоғарғы Таласпай" қыстағы аумағында орналасқан "Премьер" шаруа қожалығының ірі мүйізді қара малы арасында құтыру ауруының анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақкемер ауылдық округінің әкімі

Т. О. Өтемұратов